



Павлодар

Лист утверждения программы

Форма

государственного экзамена  
7.18.2/01

Ф СО ПГУ



**БЕКІТЕМІН**

ОІ жөніндегі

проректоры

\_\_\_\_\_ Н.Э.Пфейфер  
«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2008ж.\_

Құрастырушы: \_\_\_\_\_ Қажыбаева Г.К.

Қазақ филологиясы кафедрасы

## **МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

**050117 - Қазақ тілі мен әдебиеті** мамандығы бойынша ҚР МЖМБС 3.08.267 2006 негізінде құрастырылған оқитын студенттер үшін Бағдарлама ҚР МЖМБС 3.08.275-2006 ҚР Білім және ғылым министрлігінің 23.12.2005ж. №779 бұйрығы және 27.08.2007ж. №1 хаттамасымен бекітілген «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі» пәндерінің жұмыс бағдарламалары негізінде құрастырылған

Кафедра мәжілісінде ұсынылды

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2007ж., №\_\_\_ хаттама

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Қ.П.Жүсіп

Филология, журналистика және өнер факультеттің  
әдістемелік кеңесінде мақұлданды

«\_\_»\_\_\_\_\_ 2007ж., №\_\_ хаттама  
ӘК төрайымы\_\_\_\_\_ С.Қ.Шаймарданова

### **КЕЛІСІЛДІ**

Факультет деканы \_\_\_\_\_ Ж.Т.Сарбалаев «\_\_»  
\_\_\_\_\_ 2008ж.

### **ЖӘҚБ МАҚҰЛДАДЫ**

ЖӘҚБ бастығы \_\_\_\_\_ Л.Т. Головерина «\_\_»  
\_\_\_\_\_ 2008ж.

### **Кіріспе**

Қазақ тілінен өткізілетін мемлекеттік емтихан студенттердің ана тілінен және өзге де лингвистикалық пәндерден университет қабырғасында алған теориялық және практикалық білім-біліктілігін, даярлығын тексеретін қорытынды емтихан болып саналады. Сондықтан да мемлекеттік емтиханның бағдарламасында қазақ тілінің материалдарымен қатар басқа да тілдік сипаттағы мағлұматтары кеңінен қамтылуы шарт.

Мемлекеттік емтиханда әрбір студент қазақ тілін оқыту методикасына дербес ғылым саласы ретінде қарап, оның міндеттерін, ғылыми зерттеу әдістерін терең де саналы меңгергендігін байқатуы керек.

Қазақ әдебиетінен өткізетін мемлекеттік емтихан студенттердің әдебиетке байланысты барлық пәндер бойынша даярлығын тексеретін қорытынды емтихан болып есептелінеді.

Бағдарламада қарастырылған әдебиеттің әр кезеңіндегі мәселелері университетте қазақ әдебиетінен мамандар даярлау талабына сай алынды.

Студенттер қазақ әдебиетінен әр кезеңдегі уақыттың сөз өнері әлемінде қандай мәселелер арқылы танытты. Ондағы негізгі әдебиетті жете зерттей отырып, әдебиеттің қалыптасу жолдарын тарихи-философиялық, психология-эстетикалық тұрғыда түсіндіре білуге тиіс. Әр ақын-жазушының шығармашылығының ерекшелігін тани отырып, олардың әдеби мұраларының көркемдік бейнелілігіне талдау жасай білуге, оны сын тұрғысынан да зерттей білу талап етіледі.

Мемлекеттік емтиханның сұрақ-сауалдары осы бағдарлама негізінде жасалынады. Әр билетте әдебиет теориясынан,

сынынан, жекелей ақын-жазушылардың әдеби мұрасы бойынша сұрақ беріліп, талдануы қажет етіледі.

Тағы бір ескерілетін жайт, әрбір кезең әдебиет жалаң фактілердің, жекелеген есімдердің тізбесін жасау емес, керісінше әрбір кезеңді шолып мінездейтін, қазақ әдебиетіне қосылған жаңа есімдерді, тың проблема, көтерген проблемаларда, поэзия, проза, драматургия, сын сияқты белді жанрлардың даму ерекшеліктерін ажырата алу керек.

Монографиялық характердегі бөлімдерде ақын-жазушылардың шығармашылық жолын, өзіндік қолтаңбасын танытатын елеулі туындыларынан бағдарламада көрсетілген норматив жоспары бойынша үзінділерді жатқа оқи білу, әдеби талдау жасай білу, объективтік баға берілуге тиіс.

## **Жалпы жағдайлар**

### **1.1.Тіл бойынша:**

Қазақтың біртұтас ұлттық тілі мен оның сипаттамасы. Түркі тілдері семьясында қазақ тілінің алатын орны, қазақ тілінің Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі дамуы, оған орыс тілінің әсері. Қазақ әдеби тілінің сипаттамасы. Әдеби тіл нормаларының өзгеріп, дамып отыратындығы, қазақ әдеби тілі тарихындағы Абайдың орны. Қазақ әдеби тілінің даму кезендері, ол туралы пікірлер.

### **Лексикология.**

Лексикология мен фразеологияны зерттеп білудегі негізгі мәселелер. Тілдің мағыналық бөлшегі ретінде сөздің негізгі қасиеттері мен белгілері. Сөздің лексикалық мағыналарының түрлері,көп мағыналық. Синонимдер, антонимдер, омонимдер және олардың жасалуының лексика-семантикалық түрлері мен стилистикалық мәні. Сөздік құрамы мен негізгі сөздік қордың сипаттамасы, айрым белгілері.Сөздік құрамның баю, жетілу жолдары.

### **Фонетика.**

Фонетиканың зерттеу объектісі мен салалары, тіл дыбыстары және фонема. Сөйлем мүшелері, оның актив және пассив түрлері. Дауысты дыбыстар, оның классификациясы, жалаң және дифтонг сападағы дыбыстар. Дауыссыз дыбыстар, олардың классификациясы, жалаң және аффрикат дыбыстар.Буын және оның түрлері,алмасуы,тасымал.

### **Морфология.**

Морфологияның зерттеу объектісі, грамматикалық категория, грамматикалық (реляциялық) мағынасы.

Грамматикалық форма, оның түрлері мен жасалу тәсілдері. Сөз құрамы, морфема, оның түрлері. Сөз тұлғасы, оның түрлері мен жасау жолдары. Күрделі сөздер, олардың түрлері. Сөздерді топтастырудың принциптері.

### **Синтаксис.**

Синтаксис туралы түсінік. Синтаксистің зерттейтін объектісі-сөйлем, сөз тіркесі және сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлері екендігі. Сөз тіркесі туралы түсінік. Сөз тіркесінің жеке сөзден немесе сөйлемнен негізгі айырмашылығы. Сөйлем мүшесі туралы түсінік. Сөздердің сөйлем мүшесі болу шарттары.

### **1.2. Әдебиет бойынша:**

#### **Қазақ халық ауыз әдебиеті.**

Фольклор және жазба әдебиеті туралы түсінік, өзіндік ерекшеліктерін таныту. Тұрмысы-малт жырларына жалпы сипаттама. Тұрмыс-салт жырларының (ұлыс жырлары, бөбек жырлары, үйлену жырлары, жаназа жырлары) ерекшелігін таныту. Мақал-мәтелдердің тақырыбы мен көркемдік сипаты. Ертегілердің көркемдік ерекшелігі.

XVIII - XIX ғасырлардағы қазақ елінің әдеби және мәдени ахуалы. Тақырып ерекшелігі мен көркемдігі. Бұқар жыраудың жырларының әлеуметтік мәні. Дулат Бабатайұлының өмірі мен шығармашылығы. Шал ақынның өлеңдерінің көркемдік сипаты. Махамбет поэзиясының ерекшелігі, ондағы Исатай бейнесі мен өз бейнесінің танылуы. Шернияз өлеңдеріндегі азатшылдық идея насихаты. Сүйінбай ақынның шығармаларының халықтық сипаты. Біржан Салдың махаббат лирикасы өмірі мен шығармашылығы. Біржан Салдың махаббат лирикасы мен әндерінің көркемдігі. Шоқан Уалихановтың әдеби көзқарасы. Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы. Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерінің тақырыбы. Абай Құнанбайұлы өмірі мен шығармашылығы. Абайдың өмірі туралы толғаныстар. Абай адамгершілік, махаббат, ән-күй туралы. Абай поэзиясындағы «сүйю» туралы философия. Абай шығармаларындағы халық тағдыры. Абай поэзиясының көркемдігі мен тілі.

#### **XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті.**

С.Торайғыров, С.Кобеев, М.Ж.Копеев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов шығармалары талқыланады.

#### **Қазіргі қазақ әдебиеті.**

Қазіргі қазақ әдебиетінің даму кезеңдеріне шолу. Қазақ елінің тәуелсіздігі мен азаттығы үшін күрес, оның көркем әдебиетке тигізетін әсері. Прогресшіл бағыттағы ақын-

жазушылардың шығармашылығының мәні.1960-1990 жылдардағы қазақ әдебиетіндегі жаңашылдық. Түр мен жанрдағы ізденістер. С.Сейфуллин,Б.Майлин,І.Жансүгіров,Ж.Жабаев,М.Жұмабаев, ЖАймауытов, С.Мұқанов,М.Әуезов.Ғ.Мүсірепов,Ғ.Мұстафин шығарламалары қарастырылады.

### **1.3. Қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша:**

Қазақ тілі методикасы, оның зерттейтін объектісі мен міндеттері. Қазақ тілі методикасының тіл білімімен, педагогика, психология мен байланысы. Қазақ тілі әдістемесінің зерттеу әдістері, (жүйелі-құрылымдық әдіс, типологиялық әдіс, тарихи әдіс, тәжірибені зерттеу әдіс, байқау әдісі, әңгімелеу әдісі, анкета әдісі, жазбаша жұмыстарды тексеру әдісі, мектеп документтерін зерттеу, статистикалық әдіс,эксперименттік әдіс.) Фонетиканың әдістемесі, лексиканың әдістемесі,сөз жасалымын оқыту әдістемесі, грамматиканың әдістемесі, морфологияны оқыту әдістемесі,синтаксисті оқыту әдістемесі,сөз тіркесінің әдістемесі қамтылады.

### **1.4. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.**

Әдебиетті оқыту әдістемесінде мектепте өлең, дастан оқыту, ауыз әдебиетін оқыту әдісінің ерекшелігі, мәтіндегі қисынға қатысты ұғымдарды шығармашылық тақырыбы мен мұратына үндестіріп оқытудың маңызы, прозалық шығармаларды талдау, шығармаларды проблемалап оқыту, теорияны оқыту әдістері, жаңа технология мәселелері қарастырылады.

## **МАМАНДЫҚ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАННЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.**

Қазақ тілінен өткізілетін мемлекеттік емтихан студенттердің ана тілінен және өзге де лингвистикалық пәндерден университет қабырғасында алған теориялық және практикалық білім-біліктілігін, даярлығын тексеретін қорытынды емтихан болып саналады. Соңдықтан да мемлекеттік емтиханның бағдарламасында қазақ тілінің материалдарымен қатар басқа да тілдік сипаттағы тердің мағлұматтары кеңінен қамтылуы шарт.

Мемлекеттік емтиханның бағдарламасы 3 бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде мемлекеттік емтихан алдында қазақ тілінің әр саласынан оқылатын теориялық шолу дәрістерінің тақырыптары мен оның қысқаша мазмұндары баяндалса,

екінші бөлімді мемлекеттік емтиханға енгізілетін жалпы теориялық мәселелерге сипаттама беріледі. А соңғы бөлімге алдын-ала жасалған нақты емтихан билеттері кіргізіліп отыр. Олар ұсынылып отырған бағдарламаның негізгі құрамдас бір бөлімі ретінде бағдарламаға даяр күйінді тіркеледі. Бағдарламаға енгізілген тіл білімінің теориялық мәселелері жоғары оқу орындарынды қазақ тілінен мамандар даярлау талабына сай іріктеліп алынды.

Қазақ әдебиетінен, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінен өткізілетін мемлекеттік емтихан студенттердің, ауыз әдебиеті, ежелгі дәуір әдебиеті, ХІХғ. қазақ әдебиеті, 20 ғ.басындағы қазақ әдебиеті, қазіргі қазақ әдебиетінен алған теориялық, практикалық білімдерін тексеретін қорытынды емтихан болып есептеледі. Әр билет 3 сұрақтан тұрады. Бірінші сұрақ ауыз әдебиетіне, екінші сұрақ ежелгі дәуірден 20 ғ.басына дейінгі кезеңге орналса, үшінші сұрақ, қазіргі қазақ әдебиетінен тұрады. Қазіргі қазақ әдебиетіне сұрақтар көп берілді.

## **МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАН ЖҮРГІЗУДІҢ ТӘРТІБІ.**

Мемлекеттік емтиханды бұйрықпен бекітілген мемлекеттік емтихан комиссиясы қабылдайды. Оның құрамына комиссия төрағалы және мүшелері кіреді. Мемлекеттік емтихан билеттері оқу бөлімінен жабық күйінде алынып, емтихан басталғанда ашылады. Студенттер билет алған соң, дайындалуға 45 минут уақыт беріледі. Алғашқы кезекте 5 студент кіргізіледі. Комиссия құрамына техникалық хатшы кіреді. Ол мемлекеттік емтиханның хаттамасын жүргізеді. Хаттамада студенттердің билеттерінің сұрақтары жазылады және комиссия мүшелерінің қол қоюымен бағалары көрсетіледі. Студент билеттің 3 сұрағына да жауап бере алмаса, комиссия шешімімен «2» деген баға алады. Мұндай жағдайда құлаған студент мемлекеттік емтиханды қайта тапсыруға келесі жылы ғана мүмкіндік алады.

## **ӘДЕБИЕТТІ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛАР.**

Мемлекеттік емтиханда тек сөздіктер, мектепке тіл мен әдебиетті оқытуға арналған бағдарламалар қолдануға болады.

## **БЕКІТЕМІН**

кафедра меңгерушісі

Жақып К.П.

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2007

жыл

## **«Қазақ тілі» пәнінен мемлекеттік емтихан сұрақтары**

1. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар жүйесі: құрамы, емлесі.
2. Аралас құрмалас сөйлем, оның құрамы, ерекшеліктері.
3. Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар жүйесі: түрлері, жіктелуі.
4. Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер, түрлері.
5. Қазақ тіліндегі буын үндестігі, түрлері, ерекшеліктері, дыбыс үндестігі, түрлері, белгілері.
6. Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер, жасалу жолдары мен мағыналық ерекшеліктері.
7. Сөздің лексикалық мағынасы және оның түрлері.
8. Шарт бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем, жасалу жолдары мен мағыналық ерекшеліктері.
9. Қазақ тілі едістемесі, оның зерттейтін объектісі мен міндеттері.  
Қазақ тілі едістемесінің тіл білімімен, педагогика, психологиямен байланысы
10. Салыстырмалы салалас құрмалас сөйлемдер, олардың жасалу жолдары.
11. Қазақ тілінің термин, диалект, кәсіби сөздері.
12. Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдер, ерекшеліктері.
13. Қазақ лексикографиясы. Сөздік және оның түрлері.
14. Себептес салалас құрмалас сөйлемдер, олардың мағыналық ерекшеліктері.
15. Қазақ тілін оқыту кәсіптері: а) бағдарлама, б) оқулық, в) құрнекілік кәсіптері, г) кабинет
16. Құрмалас сөйлем синтаксисінің зерттелуі мен топтастырылу жолдары.



17. Сөз құрамы, морфема, оның түрлері.
18. Жақсыз сөйлемдер, жасалу жолдары.
19. Сөз тұлғасы, оның түрлері.
20. Жақты сөйлем, оның түрлері мен құрамдылығы.
21. Грамматикалық мағына, оның түрлері және берілу жолдары.
22. Жай сөйлемнің құрамдық ерекшеліктері: жалаң, жайылма және күрделенген.
23. Грамматикалық категория, түрлері.
24. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері, негізгі түрлері мен құрамы, тұрлаусыз мүшелері: түрлері, жасалуы мен құрамы.
25. Сөзжасам саласы, зерттеу нысаны, сөзжасамдық ұғымдар туралы.
26. Фонетиканың едістемесі: а) фонетикалық білім, дағды, іскерлік, е) фонетикалық жаттығу т%орлері, б) фонетикалық талдау т%орлері, в) фонетиканы оқытуда қолданылатын қирнекіліктер
27. Зат есімнің лексика-грамматикалық сипаты, грамматикалық категориялары.
28. Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркесі.
29. Лексиканың едістемесі: а) лексиканы оқытудың 4 кезеңі, б) лексикалық жаттығу т%орлері, в) лексикалық талдау т%орлері, в) лексиканы оқытуда қолданылатын қирнекіліктер
30. Матаса байланысқан есімді сөз тіркесі.
31. Сын есім, мағыналық түрлері.
32. Қабыса байланысқан есімді және етістікті сөз тіркестері.
33. Сан есімнің лексика- грамматикалық сипаты. Сан есімнің мағыналық түрлері.
34. Сөз тіркесі синтаксисінің зерттелуі мен құрамы, негізгі түрлері.
35. Есімдік және оның мағыналық түрлері.
36. Грамматиканың едістемесі: а) оқушылардың ер т%орлі іскерлік дағдыларын дамыту, е) грамматикалық кателерді болдырмау %ошін алдын-ала ж±мыс ж %оргізудің, грамматиканы оқып-%ойренудің рмілі
37. Қазақ тілін оқыту едістемесі: а) білім күзіне қарай, е) танымдық ерекеттің сипатына қарай
38. Етістіктің есімше және көсемше түрі.
39. Сөйлемнің лепті, лепсіз және болымды, болымсыз түрлері, жасалуы.
40. Етістіктің шақ, жақ категориясы.
41. Синтаксисті оқыту едістемесі: а) синтаксистік ±ғымдарды қалыптастыру ерекшеліктері және оны оқытудың едістемесі
42. Үстеу және оның мағыналық топтары.
43. Кезектес салалас құрмалас сөйлемдер, ерекшеліктері.
44. Шылау және оның мағыналық топтары.
45. Талғаулы салалас құрмалас сөйлемдер, ерекшеліктері.
46. Қазіргі қазақ тіліндегі сөз тудыру тәсілдері.
47. Атаулы сөйлемдер, жасалу жолдары.
48. Қазақ тілі едістемесінің зерттеу едістері.
49. Мезгілдес салалас құрмалас сөйлемдер, олардың мағыналық ерекшеліктері.

50. Етістіктің етіс категориялары.
51. Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер.
52. Сын есімнің шырай категориясы.
53. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемдер, олардың жасалу жолдары.
54. Көп сыңарлы салалас пен көп басыңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер.
55. Қазақ тілінің буын жүйесі: түрі, құрамы, жылысуы. Тасымал.
56. Қазақ тілін оқытудың басты-басты едістері мен тесілдері
57. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем, оның жасалу жолдары.
58. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты.
59. Морфологияны оқыту едістемесі: а) морфологиялық талдау, оны жосынды едістемесі
60. Етістіктің салт-сабақтылық, категориялары.

## **«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша мемлекеттік емтихан сұрақтары**

### I. Халық ауыз әдебиеті бойынша

1. Қазақтың халық ауыз әдебиеті шығармаларының (қазақ фольклорының) жиналып, зерттелуі, ерекшеліктері.
2. Аңыздар ерекшелігі, зерттелуі, жіктелуі: «Қорқыт» аңызын әдеби талдау
3. Ертегілердің ерекшеліктері, зерттелуі, жіктелуі: хайуанаттар жайындағы ертегілер
4. Қиял-ғажайып ертегілері: «Ер Төстік», «Керқұла атты Кендебай» ертегілерін әдеби талдау
5. Тұрмыс-салт ертегілері: «Аяз би» ертегісін әдеби талдау
6. Қазақ эпосы: оның түрлері, ерекшеліктері, зерттеліп жиналу мәселелері
7. «Қобыланды батыр» жыры
8. «Алпамыс батыр» жыры
9. «Ер Тарғын» жыры
10. Лиро-эпостық жырлар: «Айман-Шолпан» жырын әдеби талдау
11. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры
12. «Қыз Жібек» жыры
- 13. Айтыс жанры, түрлері, зерттелуі: «Біржан мен Сара» айтысын әдеби талдау**
14. «Фольклор», «Ауыз әдебиеті», «Жазба әдебиеті» ұғымдары ерекшеліктері.

### II. Ежелгі дәуір әдебиеті бойынша

15. Көне қазақ әдебиетінің даму сипаты: «Күлтегін» және «Тоныкөк» жырлары
16. Әбунәсір Әл-Фарабидің әдебиет тарихында алатын орны
17. Ж. Баласағұндың «Құтты білік» еңбегі

18. Хорезмидің «Махаббатнама» еңбегінің әдебиет тарихында алатын орны
19. Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани Хикмет» кітабының көркемдік ерекшеліктері.

### III. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті бойынша

20. XV-XVI ғ. қазақ поэзиясы. Шалғез Тіленшіұлы шығармашылығы
21. Бұхар жырау Қалқаманұлының өмірі мен шығармашылығы

### IV. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті бойынша

22. Шоқан Уәлиханов-әдебиет зерттеушісі
23. Махамбет Өтемісұлы шығармашылығы
24. Шортанбай Қанайұлының өмірі мен шығармашылығы
25. Дулат Бабатайұлы шығармашылығы
26. Ы. Алтынсариннің қазақ әдебиеті дамуында алатын орны
27. Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығы
28. Әнші ақындар: Біржан Қожағұлұлы, Ақан сері Қорамсаұлы шығармашылығы
29. Абайдың табиғат лирикасы
30. Абайдың көңіл-күй, махаббат лирикасы
31. Абай Құнанбайұлы дастандары
32. Мағауия Абайұлының «Медғат-Қасым» поэмасы

### V. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті бойынша

33. Әріп Тәңірбергенов өмірі мен шығармашылығы
34. Мұхаметжан Сералиннің өмірі мен шығармашылығы
35. Н. Наушабаевтың өмірі мен шығармашылығы
36. Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі мен шығармашылығы
37. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмірі мен шығармашылығы
38. С. Торайғыровтың лирикасы
39. С. Торайғыровтың «Кім жазықты» романын әдеби талдау
40. С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы
41. Т. Ізтілеуовтің өмірі мен шығармашылығы
42. М. Дулатов өмірі мен шығармашылығы
43. С. Көбеевтің «Қалың мал» романындағы басты кейіпкерлер
44. Сәбит Дөнентаев өлеңдері
45. 1916 жылғы көтеріліс туралы шығармалар

### VI. Қазіргі қазақ әдебиеті бойынша

46. М. Жұмабаев лирикасы
47. М. Жұмабаев дастандары. «Батыр Баян» дастанын әдеби талдау
48. А. Байтұрсыновтың қазақ әдебиетінде алатын орны
49. Ж. аймауытовтың «Ақбілек» романы
50. С. Сейфуллин лирикасы
51. С. Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасының көркемдік ерекшеліктері
52. С. Сейфуллиннің «Тар жол-тайғақ кешу» туындысының жанрлық сипаты
53. Б. Майлин повестеріндегі әйелдер бейнесі
54. І. Жансүгіровтің лирикасы. «Гималай» өлеңінің көркемдік ерекшеліктері
55. І. Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасының көркемдік ерекшелігі

56. М. Әуезовтің әңгімелері
57. М. Әуезовтің драмалық шығармалары: «Түнгі сарын» пьесасын әдеби талдау
58. М. Әуезовтің «Абай жолы» дәуірнамасындағы Абай бейнесі
59. М. Әуезовтің «Абай жолы» дәуірнамасындағы Құнанбай бейнесі
60. С. Мұқановтың «Ботагөз» романындағы ұнамсыз бейнелер
61. Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы
62. Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы
63. Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке» романы
64. Ж. Жабаетовтың қазақ әдебиетіндегі алатын орны
65. Ғ. Мұстафиннің «Миллионер» романының қазақ әдебиетінде алатын орны
66. Ғ. Орманов лирикасы
67. Қ. Аманжоловтың лирикасы
68. Қазіргі қазақ поэзиясы (1956-2003 ж.ж.)
69. Қазіргі қазақ романдары (1956-2003жж.)
70. Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы мен сыны (1956-2003жж.)
71. Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясының қазақ әдебиетінде алатын орны
72. Қ. Мырзалиевтің лирикасы
73. М. Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» дастанының көркемдік ерекшеліктері

## **VII. Балалар әдебиеті бойынша.**

74. Қазақ балалар әдебиетінің қалыптасу, даму тарихы
75. Қазіргі қазақ балалар поэзиясы (1956-2003жж.)
76. Қазіргі қазақ балалар прозасы (1956-2003жж.)
77. Тұрмыс-салт жырлары:зерттелуі, іштей жіктелу ерекшеліктері.
78. Тарихи жырлар
79. Абай өлеңдерінің құрылысы, көркемдік ерекшеліктері
80. Фольклордың басқа да ұсақ жанрлары: мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақ, шешендік сөздер.
81. Шернияз Жарылғасұлы шығармашылығы.
82. Шәңгерей Бөкеевтің шығармашылығы.
83. Көркем әдебиеттің бейнелілігі.Көркем әдебиеттегі жинақтау мен даралау мәні.
84. Сюжет: эпостағы, лирикадағы сюжет мәні
85. Ә. Тәжібаевтың «Толағай» поэмасын әдеби талдау.
86. Өлең және оның құрылысы.
87. Жұбан Молдағалиевтің «Мен қазақпын» дастанының көркемдік ерекшелігі.
88. Көркем әдебиеттің тегі мен түрі.
89. Олжас Сүлейменовтің қазақ әдебиеті тарихында алатын орны.
90. Шал Құлекеұлының өмірі, шығармашылығы

## Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі бойынша мемлекеттік емтихан сұрақтары

1. С.Сейфуллиннің «Аққудың айрылуы» дастанын оқыту.
2. С. Торайғыровтың «Кім жазықты» романын оқыту
3. Мектепте көркем шығарма тілін оқыту.
4. С.Сейфуллиннің «Көкшетау» дастанын оқыту.
5. Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы замана сарынын оқушыға меңгертудің амалдары.
6. М.Әуезовтің «Түнгі сарын» шығармасын жаңаша оқыту.
7. Ауыз әдебиетін оқыту әдісінің ерекшелігі.
8. Ж.Баласағұн ілімінің ізгілігін меңгертудің жаңаша амалдары.
9. «Ер Төстік» ертегісінен әдебиеттің тегін танырлық белгілерді тауып, оны өзіңнің қисындық біліміңмен толықтыр.
10. «Қобыланды батыр» жырын тұтастықта меңгертудің жаңа амалы, мәтіндегі қисынға қатысты ұғымдарды шығармашылық тақырыбы мен мұратына үндестіріп оқытудың маңызы.
11. «Керқұла атты Кендебайды» бірнеше вариантпен оқытудың мүмкіндігі (салыстырмалы көзқарасты студент бойына дарыту).
12. Зар заман әдебиеті жайлы мағлұматты оқушы санасына жаңа амалмен жеткізу.
13. Автордың өзіндік тіл нақышын аңғартып, жеке топтастыр, оған түсініктеме бер (М.Жұмабаев «Балалық шақ»).
14. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілін оқыту.
15. Мектепте дастан оқыту мәселесі: І.Жансүгіровтің «Құлагер» туындысы бойынша.
16. Мектепте дастан оқыту мәселесі: М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» дастаны бойынша.
17. Мектепте дастан оқыту мәселесі: М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» туындысы бойынша.
18. Мектепте өлең оқыту мәселесі: Абайдың «Жаз», С.Сейфуллиннің «Далада», І.Жансүгіровтің «Гималай» өлеңдері бойынша.
19. «Ер Төстік» ертегісін жаңа технология жүйесіне салудың маңызы.
20. М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» шығармасын проблемалап оқыту.
21. Абайды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (Көшенбаев, Ә.Қоңыратбаев, Қ.П.Жүсіп).
22. Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңін оқыту әдісі
23. Көркем шығармаға талдау жасаудың 4 түрлі әдісі.
24. Мектепте өлең оқыту мәселесі: С.Сейфуллиннің «Далада» өлеңі бойынша.

25. Мектепте өлең оқыту мәселесі: І.Жансүгіровтің «Гималай» өлеңі бойынша.
26. Қазақ тілін оқыту әдістемесі – ғылымның бір саласы.
27. Қазақ тілінде жүргізілетін жазба жұмыстары.
28. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің ғылыми-зерттеу әдістері.
29. Қазақ тілінде жүргізілетін жаттығу жұмыстарының түрлері, оларды жүргізудің әдіс-тәсілдері
30. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық принциптері.
31. Қазақ тілінде творчестволық жазба жұмыстарын жүргізудің әдіс-тәсілдері.
32. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің алғашқы негізін салушылар кімдер, олардың ғылыми еңбектеріне тоқталыңыз.
33. Жатжазудың түрлері, оны жүргізуде қолданылатын әдіс-тәсілдер.
34. Қазақ тілі оқулығына анализ (бір оқулық).
35. Қазақ тіліндегі фонетикалық талдау түрлері.
36. Қазақ тілінің бағдарламасы, оқулықтары, дидактикалық материалдары.
37. Зат есімді оқыту.
38. Сабақ кезеңдері.
39. Сын есімді оқыту.
40. Қазақ тілін оқытудың мақсаты мен маңызы.
41. Сан есімді оқыту.
42. Қазақ тілі методикасының методологиялық, лингвистикалық, психологиялық негіздері.
43. Есімдікті оқыту.
44. Методикалық әдебиеттерді талдау және зерттеу әдістері.
45. Етістікті оқыту.
46. Дәстүрлі сабақ түрлері.
47. Дауысты дыбыстарды оқыту.
48. Қазақ тілінен білім берудің әдістері мен тәсілдері.
49. Дауыссыз дыбыстарды оқыту.
50. Теориялық білімді меңгерту сабақтары (жаңа материалды түсіндіру сабағы).